



**"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне заңсыз көші-қон мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 6 желтоқсан N 1582

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне заңсыз көші-қон мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

жоба

**Қазақстан Республикасының Заңы**

Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне  
заңсыз көші-қон мәселелері бойынша өзгерістер мен  
толықтырулар енгізу туралы

1. Қазақстан Республикасының мына заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі Қылмыстық кодексін (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 15-16, 211-құжат; 1998 ж., N 16, 219-құжат; N 17-18, 225-құжат; 1999 ж., N 20, 721-құжат; N 21, 774-құжат; 2000 ж., N 6, 141-құжат; 2001 ж., N 8, 53-құжат; N 8, 54-құжат):

330-баптың тақырыбында және бірінші бөлігінде "күзетілетін" деген сөз алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 330-2 және 330-3-баптармен толықтырылсын:

"330-2-бап. Заңсыз көшіп келуге жәрдемдесу

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан заңсыз өтуге тырысқан не Қазақстан Республикасының аумағына белгіленген құжаттарсыз және тиісті рұқсатсыз келген адамдарға көлік құралдарын, жалған құжаттар, тұрғын жай не басқа баспана ұсынудан, сондай-ақ өзге де қызметтер көрсетуден көрінетін заңсыз көшіп келуге ж ә р д е м д е с у , -

екі жүз айлық есептік көрсеткіштен бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде не сотталған адамның екі айдан он айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде айыппұл салуға, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

330-3-бап. Қазақстан Республикасында шетелдік жұмыс күшін тарту және пайдалану ережесін бірнеше рет бұзу

1. Жұмыс берушінің Қазақстан Республикасының аумағына уәкілетті органның тиісті рұқсатынсыз келген немесе рұқсатты алдамшы жолмен алған шетелдіктерді және азаматтығы жоқ адамдарды (заңсыз көшіп келушілерді) бірнеше рет жұмысқа қ а б ы л д а у ы , -

бес жүз айлық есептік көрсеткіштен жеті жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде не сотталған адамның бес айдан жеті айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде айыппұл салуға, не жүз сағаттан екі жүз қырық сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға жазаланады.

2. Қазақстан Республикасында шетелдік жұмыс күшін тарту және пайдалану ережесін шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның бірнеше рет бұзуы, -

жеті жүз айлық есептік көрсеткіштен тоғыз жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде не сотталған адамның жеті айдан бір жылға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде айыппұл салуға не жүз қырық сағаттан екі жүз қырық сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға жазаланады.";

2) Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қылмыстық іс жүргізу кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 23, 335-құжат; 1998 ж., N 23, 416-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 6, 141-құжат; 2001 ж., N 8, 53-құжат; 2001 ж., N 15-16, 239-құжат; 2001 жылғы 9 қарашада "Егемен Қазақстан " және 2001 жылғы 17 қарашада "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған " Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне сот сараптамасын жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 6 қарашадағы Заңы):

2 8 5 - б а п т а :

екінші бөлік "329" деген саннан кейін ", 330-1, 330-2, 330-3" деген сандармен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

жетінші бөлікте "330-бабының (бірінші бөлігінде)" деген сөздер алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 7-1-бөлікпен толықтырылсын:

"7-1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 330-бабының бірінші бөлігінде көзделген қылмыстар туралы істер бойынша анықтауды іс қозғаған шекара қызметінің органы немесе ішкі істер органы жүргізеді.";

288-баптың бірінші бөлігі "жетінші" деген сөзден кейін ", жетінші-бір" деген сөздермен толықтырылсын;

3) "Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 маусымдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 13-14, 175-құжат):

28-бап мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Шет елге тұрақты тұруға не шет мемлекетте жұмысқа орналасуға Қазақстан Республикасы азаматтарының заңсыз шығуын ұйымдастыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін әкелу мақсатында туристік қызметті жүзеге асыруға тыйым салынады.";

4) Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 5-6, 24-құжат; N 17-18, 241-құжат; 2001 жылғы 9 қарашада "Егемен Қазақстан" және 2001 жылғы 17 қарашада "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне сот сараптамасын жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 6 қарашадағы Заңы):

56-бап мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"3. Осы Кодекстің 394-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық жасаған шетелдіктерді және (немесе) азаматтығы жоқ адамдарды әкімшілік жолмен кетіру, егер осы құқық бұзушылықты жасауға Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 330-2-бабы бойынша сотталған адамдар ықпал еткен жағдайда, ықпал еткен адамдар қаражатының есебінен жүзеге асырылады.";

395 - бапта:

тақырыбында "немесе Қазақстан Республикасы азаматының" деген сөздер ", Қазақстан Республикасы азаматының, шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлік "азаматтың" деген сөзден кейін ", шетелдіктің және

азаматтығы жоқ адамның" деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші бөлікте екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"азаматтарға, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға - айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - оннан он беске дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - жүзден үш жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады."

2. Осы Заң оны жариялаған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Мамандар:

Багарова Ж.А.,  
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК